

## Кредиттік серіктестіктер туралы ереже туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі басқармасының 1997 жылғы 12 сәуірдегі N 106 қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1997 жылғы 14 тамызда тіркелді. Тіркеу N 351. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2003 жылғы 27 қазандағы N 380 (V032589) қаулысымен.

*ЕСКЕРТУ. Қаулының атауы жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 1 тамыздағы N 280 қаулысымен .*

Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар қызметінің нормативтік-құқықтық базасын жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің басқармасы қаулы етеді:

1. "Кредиттік серіктестіктер туралы" ереже бекітілсін және бекітілген күннен бастап күшіне енгізілсін. <\*>

*ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгертілді- ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 1 тамыздағы N 280 қаулысымен .*

2. Осы қаулы күшіне енгізілген сәттен бастап Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің басқармасы бекіткен (1995 жылға 19 қазандағы N 180 қаулы) Кредиттік серіктестік туралы уақытша ереженің күші жойылды деп танылсын. <\*>

*ЕСКЕРТУ. 2-тармақ өзгертілді- ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 1 тамыздағы N 280 қаулысымен .*

3. Банктік қадағалау департаменті (Абдуллина Н.Қ.) осы Қаулыны Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің облыстық (Алматы аумақтық бас) басқармаларына жіберсін, оларға жоғарыда аталған қаулыны кредиттік серіктестіктерге жеткізуді міндеттесін.

4. Осы Қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары А.Ф.Сәйденовке жүктелсін.

Ұ л т т ы қ                      Б а н к

Төрағасы  
Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы  
Ұ л т т ы қ                      Б а н к і                      б а с қ а р м а с ы н ы ң  
1 9 9 7                      ж ы л ғ ы                      1 2                      с ә у і р д е г і  
N 106 қаулысымен бекітілген

**Кредиттік серіктестік туралы ереже**

*ЕСКЕРТУ. Ереженің және қосымшаның мәтініндегі "қорының, қор, қорында" деген сөздер "капиталының, капитал, капиталында" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1997.12.04. N 408 қаулысымен, атауы өзгертілді - 1999.05.21. N 136 қаулысымен,*

*ЕСКЕРТУ. Кіріспедегі және бұдан әрі бүкіл мәтін бойынша "Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Заң күші бар Жарлығына" "Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Заң күші бар Жарлығының" деген сөздер тиісінше "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2001.08.06. N 305 қаулысымен.*

Ереже "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі - Заң) сәйкес жасалған және кредиттік серіктестіктердің құқықтық мәртебесін, оны құру, лицензиялау, қызметін реттеу және тоқтату тәртібін белгілейді. <\*>

*ЕСКЕРТУ. Кіріспе өзгертілді, толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1997.12.04. N 408 қаулысымен, 1999.05.21. N 136 қаулысымен, 2002 жылғы 1 тамыздағы N 280 қаулысымен.*

## **I. Жалпы ережелер**

1. Осы Ереже кредиттік серіктестер қызметінің жалпы шарттарын, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі - Ұлттық Банк) өкілеттіктерін, кредиттік серіктестіктерді құру және қызметін тоқтату тәртібін, олардың қызметін реттеу және бақылау ерекшеліктерін белгілейді.

2. Кредиттік серіктестік - заңды және /немесе жеке тұлғалардың ерікті бірігуі нәтижесінде құрылған, оның қатысушыларының жұмсалмаған ақшасын жинақтау жолымен қаржы көмегіне қажеттілігін қанағаттандыру мақсатында және банк операцияларының жекелеген түрлерін және басқа да операциялар жүргізуге Ұлттық Банктің лицензиясы негізінде өз қызметін жүзеге асыратын, банк болып саналмайтын заңды тұлға.

Кредиттік серіктестіктердің түрлеріне мыналар жатады: кредиттік-депозиттік серіктестіктер, кредиттік серіктестіктер және ауылдық кредиттік серіктестіктер.

Кредиттік-депозиттік серіктестіктердің өз қызметін жүзеге асыру ерекшелігі заңды тұлғалардың депозиттерін қабылдау мүмкіндігі болып табылады.

Ауылдық кредиттік серіктестіктер - заңды және/немесе жеке тұлғалардың ерікті түрде бірігуі нәтижесінде өзара кредиттеу үшін өз қатысушыларының ақшасын шоғырландыру жолымен құрылған банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын заңды тұлға. Ауылдық кредиттік серіктестіктердің

қызметі ауыл шаруашылығын кредиттеу және осындай серіктестіктердің қатысушыларына банктік қызмет көрсету мәселелерін шешуге бағытталған.

Кредиттік серіктестік коммерциялық ұйым болып табылады.

Кредиттік серіктестік, кредиттік-депозиттік серіктестік немесе ауылдық кредиттік серіктестік мәртебесі жоқ бірде-бір заңды тұлға осылай атала алмайды.

< \* >

*ЕСКЕРТУ. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1999.05.21. N 136 қаулысымен , өзгертілді және толықтырылды - 2000.07.20. N 302 қаулысымен .*

3. Кредиттік серіктестіктердің қызметі Қазақстан Республикасының Заңымен, Ұлттық Банктің басқа да заңнамалық кесімдерімен және нормативтік құқықтық кесімдерімен, сондай-ақ осы Ережемен реттеледі. <\*>

*ЕСКЕРТУ. 3-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1999.05.21. N 136 қаулысымен .*

*ЕСКЕРТУ. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2001.08.06. N 305 қаулысымен .*

*ЕСКЕРТУ. 3-тармақ өзгертілді- ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 1 тамыздағы N 280 қаулысымен .*

4. Заң талаптарының кредиттік серіктестіктер үшін осы Ережеде және Ұлттық Банктің басқа да нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген жағдайлар мен ерекшеліктерден басқасы толық көлемінде қолданылады. <\*>

*ЕСКЕРТУ. 4-тармақ өзгертілді- ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 1 тамыздағы N 280 қаулысымен .*

5. Кредиттік серіктестіктер және ауылдық кредиттік серіктестіктер Қазақстан Республикасының заңдарының ерекшеліктерін ескере отырып, мынадай ұйымдық-құқықтық нысандарда құрыла алады:

- коммандитті серіктестік;
- толық серіктестік;
- жауапкершілігі шектеулі серіктестік;
- жабық акционерлік қоғам.

Коммандитті серіктестік нысанында құрылған кредиттік серіктестіктің басшы органдарының мүшелері мен ірі қатысушылары толық серіктер болуға тиіс.

Кредиттік-депозиттік серіктестіктер толық серіктестіктің не қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктің ұйымдық-құқықтық нысанында құрылады және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асырады. Банк кредиттік-депозиттік серіктестік болып қайта құрылған жағдайда ол ұйымдық-құқықтық нысандағы жауапкершілігі шектеулі серіктестік болып құрылады .

< \* >

*ЕСКЕРТУ. 5-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық Банкі*

*Басқармасының 2000.07.20. N 302 қаулысымен .*

*ЕСКЕРТУ. 5-тармақ толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2001.08.06. N 305 қаулысымен .*

6. Өкілді, атқарушы және сот билігі органдарынан, жарғылық қорының елу процентінен астамы мемлекетке тиесілі мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдардан, сондай-ақ тіркеген мемлекеттің заңдарына сәйкес оффшорлық аймақта тіркелген, компаниялар мәртебесі бар заңды тұлғалардан басқа жеке және заңды тұлғалар (резиденттер мен резидент еместер) кредиттік серіктестікке қатысушылар бола алады. Кредиттік серіктестік қатысушыларының саны оның ұйымдық-құқықтық нысанына байланысты Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарына сәйкес болуға тиіс. <\*>

Мемлекеттік кәсіпорындар, сондай-ақ жарғылық капиталының елу проценттен астамы мемлекетке тиесілі акционерлік қоғамдар мемлекеттің уәкілеттік берілген органының келісімі болғанда ғана ауылдық кредиттік серіктестіктердің қатысушысы бола алады. <\*>

*ЕСКЕРТУ. 6-тармақ өзгертілді және толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1997.12.04. N 408 қаулысымен , 1999.05.21. N 136 қаулысымен , 2000.07.20. N 302 қаулысымен , 2000.1.13. N 393 қаулысымен .*

7. Кредиттік серіктестіктердің Қазақстан Республикасының аумағында да, одан тыс жерлерде де филиалдар, өкілдіктер және еншілес серіктестіктер құруға қ ұ қ ы ж о қ .

8. Ұлттық Банк Қазақстан Республикасының аумағында кредиттік серіктестіктерге өзі белгілеген нысанмен (N 1 қосымша) лицензиялар беруге уәкілдігі бар бірден бір лицензиар болып табылады.

9. Кредиттік-депозиттік серіктестіктердің жарғылық және меншікті капиталдарының ең аз мөлшерін Ұлттық Банктің Басқармасы белгілейді. <\*>

Кредиттік серіктестікке қатысушылар жарғылық қорға тек қана ақшамен арна төлеуге міндетті. Кредиттік серіктестіктің жарғылық қорына ақша Заңның 16-бабында көзделген тәртіппен төленеді.

Кредиттік серіктестіктердің заңды тұлғаның жарғылық капиталына қатысуына тыйым салынады. <\*>

*ЕСКЕРТУ. 9-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1997.12.04. N 408 қаулысымен .*

*ЕСКЕРТУ. 9-тармақ толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1999.05.21. N 136 қаулысымен .*

*ЕСКЕРТУ. 9-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2000.07.20. N 302 қаулысымен .*

*ЕСКЕРТУ. 9-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 1 тамыздағы N 280 қаулысымен .*

## II. Кредиттік серіктестіктер құру және лицензиялау

10. Кредиттік серіктестік құрылтай шарты негізінде құрылады және өзінің жарғысы мен Ұлттық Банк берген лицензияға сәйкес жұмыс істейді.

11. Құрылтай құжаттары Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес ж а с а л а д ы .

Құрылтай шартында қатысушылардың кредиттік серіктестіктерден шығуының шарттары, оның ішінде қатысушының өзінің шығатыны туралы басқаларына кемінде 6 ай бұрын ескерту керектігі көрсетілуге тиіс.

Кредиттік серіктестіктің құрылтай құжаттарына өзгертулер мен толықтырулар енгізу қолданылып жүрген банк заңдарында белгіленген тәртіппен ж ү з е г е а с ы р ы л а д ы .

12. Кредиттік серіктестікті мемлекеттік тіркеуден өткізуді аумақтық әділет органдары Ұлттық Банктің кредиттік серіктестік ашуға берген рұқсаты негізінде ж ү з е г е а с ы р а д ы . < \* >

*ЕСКЕРТУ. 12-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2000.07.20. N 302 қаулысымен .*

13. Заңды және/немесе жеке тұлғалар кредиттік серіктестік ашуға рұқсат алу үшін Ұлттық Банкке мынадай құжаттар ұсынуға тиіс:

1) N 2 қосымшадағы нысан бойынша кредиттік серіктестік ашуға рұқсат беру т у р а л ы ө т і н і ш ;

2) құрылатын кредиттік серіктестіктің нотариус куәландырған құрылтай құжаттарының үш данасы: мемлекеттік және орыс тілдеріндегі құрылтай шарты ж ә н е ж а р ғ ы ; < \* >

3) құрылатын кредиттік серіктестіктің жарғысын бекіту және органдарын тағайындау (сайлау) туралы құрылтай жиналысының шешімі;

4) заңды тұлға құрылтайшылардың құрылтай құжаттары;

5) аяқталған соңғы қаржы жылындағы баланстық есептер және құрылтайшы заңды тұлғалардың кредиттік серіктестіктің жарғылық капиталындағы уәкілетті аудиторлық ұйымдар (аудиторлар) куәландырған он процентке тең немесе одан асатын үлесі бар қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері туралы есептер, сондай-ақ бірінші басшы, бас бухгалтер қол қойған және кредиттік серіктестіктің жарғылық капиталындағы үлесі он процентке тең немесе одан асатын құрылтайшы болып табылатын ұйымның мөрімен куәландырылған соңғы есеп берілетін тоқсандағы баланстық есептер және қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері т у р а л ы е с е п т е р ; < \* >

6 ) < \* >

7) басшы қызметкерлер лауазымына тағайындау (сайлау) үшін ұсынылатын адамдар туралы мәліметтер (Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 1999 жылғы 7 қазандағы N 334 қаулысымен бекітілген Екінші

деңгейдегі банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың басшы қызметкерлеріне келісім беру тәртібі мен шарттары туралы нұсқаулыққа қосымшаның нысаны бойынша);

8) банк заңдарының талаптарына сәйкес жасалған Ішкі кредиттік саясат туралы ереже және кредиттік серіктестік құратын Кредиттік комитет туралы е р е ж е ;

9) нотариалды не басқа түрде куәландырылған (расталған), өтініш берушінің құрылтайшылар атынан өтініш беру өкілеттігін растайтын құжат. <\*>

*ЕСКЕРТУ. 13-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2000.07.20. N 302 қаулысымен .*

*ЕСКЕРТУ. 13-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2001.08.06. N 305 қаулысымен .*

13-1. Осы Ереженің 13-тармағында көзделген барлық құжаттар қоса берілген кредиттік серіктестікті ашуға рұқсат беру туралы өтінішті Ұлттық Банк оны қабылдаған күннен бастап бір айдың ішінде қарауы тиіс. <\*>

*ЕСКЕРТУ. 13-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 1 тамыздағы N 280 қаулысымен .*

14. Директорлар кеңесінің төрағасы, басқарма төрағасы (директоры), бас бухгалтер кредиттік серіктестіктің басшы қызметкерлері болып саналады. <\*>

*ЕСКЕРТУ. 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1999.05.21. N 136 қаулысымен .*

15. Кредиттік серіктестіктің басшы қызметкерлері осы Ереженің 16-17 тармақтарында белгіленген талаптарға сай болуға тиісті.

16. Заңның 20-бабының талаптарына сай келмейтін адамдар атқарып отырған қызметіне сай емес деп танылады немесе кредиттік серіктестіктің басқарма төрағасы (директоры), директорлар кеңесінің төрағасы, бас бухгалтері қызметіне с а й л а н а а л м а й д ы . < \* >

*ЕСКЕРТУ. 16-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1997.12.04. N 408 қаулысымен .*

*ЕСКЕРТУ. 16-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1999.05.21. N 136 қаулысымен .*

*ЕСКЕРТУ. 16-тармақ өзгертілді- ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 1 тамыздағы N 280 қаулысымен .*

17. Кредиттік серіктестіктің директорлар кеңесінің төрағасы, басқарма төрағасы (директоры), бас бухгалтері қызметке Ұлттық банктің келісімімен тағайындалады (сайланады). < \* >

Осы аталған қызметкерлер Ұлттық Банктің келісімін алғанға дейін өз міндеттерін үш айдан астам атқара алмайды.

Кредиттік серіктестік басшы қызметкерлер санатына жатпайтын адамдарға

қойылған қолдардың және мөр таңбасының үлгілері бар құжаттарға екінші қол қою құқығын беруге құқы бар. <\*>

*ЕСКЕРТУ. 17-тармақ өзгертілді және толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1999.05.21. N 136 қаулысымен .*

18. Кредиттік серіктестікті ашуға рұқсат беруден мынадай негіздердің кез-келгені бойынша бас тартуға болады:

1) кредиттік серіктестіктің құрылтай құжаттары қолданылып жүрген заңдарға сәйкес болмаса ;

2) кредиттік серіктестіктің атауы Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген талаптарға сәйкес болмаса;

3) кредиттік серіктестіктің жарғылық капиталының мөлшері, құрамы мен құрылымы қолданылып жүрген заңдардың талаптарына сәйкес болмаса; <\*>

4) кредиттік серіктестік құрылтайшыларының қаржы жағдайы тұрақты болмаса ;

5) кредиттік серіктестіктің басшы қызметтеріне кандидаттар осы Ереженің 16-тармағында белгіленген талаптарға сәйкес болмаса;

б) осы Ереженің 6-тармағының талаптары сақталмаса. <\*>

*ЕСКЕРТУ. 18-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2001.08.06. N 305 қаулысымен .*

19. Ұлттық Банк рұқсат беруден бас тартудың себептері туралы өтініш иесіне жазбаша хабарлауға міндетті.

20. Осы Ереженің 9, 13-17-тармақтарының шарттары сақталмаған жағдайда кредиттік серіктестікті ашуға рұқсат берілмейді.

21. Ұлттық Банктің Директорлар кеңесі Ұлттық Банктің банктік қадағалауды жүзеге асыратын бөлімшелерінің ұсынысы бойынша кредиттік серіктестік ашуға рұқсат беру туралы шешім қабылдайды.

Ұлттық Банк кредиттік серіктестік ашуға берілген және қайтарып алынған рұқсаттардың, сондай-ақ берілген, уақытша тоқтатылған және қайтарып алынған лицензиялардың тізбесін жасайды.

Құрылтайшылар кредиттік серіктестікті ашуға Ұлттық Банктің рұқсатын алған күннен бастап бір айдан кешіктірмей кредиттік серіктестікті мемлекеттік тіркеу үшін Әділет органдарына ұсыныс жасауға міндетті. <\*>

*ЕСКЕРТУ. 21-бап 1,2-абзацтармен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1997.12.04. N 408 қаулысымен.*

*ЕСКЕРТУ. 21-тармақтың бірінші және екінші азатжолдары жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1999.05.21. N 136 қаулысымен .*

*ЕСКЕРТУ. 21-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2000.07.20. N 302 қаулысымен .*

*ЕСКЕРТУ. 21-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының*

2001.08.06. N 305 қаулысымен .

22. Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүргізуге лицензия (бұдан әрі - "лицензия") алу үшін өтініш иесі:

1) Ұлттық Банктің екінші деңгейдегі банктерге қоятын нормативтік талаптарына сәйкес, сондай-ақ тиісті біліктілігі бар қызметкерді жалдауы, барлық ұйымдық-техникалық шараларды орындауы, оның ішінде үй-жайлар мен ж а б д ы қ т ы д а й ы н д а у ; < \* >

2) кредиттік серіктестіктің жарғылық капиталының 100 процентін төлеуі; <\*>

3) операциялар жүргізудің Жалпы шарттар туралы ережені, кредиттік серіктестіктің ішкі ережелерін ұсынуы тиіс.

*ЕСКЕРТУ. 22-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1999.05.21. N 136 қаулысымен .*

*ЕСКЕРТУ. 22-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2001.08.06. N 305 қаулысымен .*

22-1. Кредиттік серіктестік өз қызметін Ішкі кредит саясаты туралы ережеге, бухгалтерлік есеп саясатына сәйкес, оның уәкілетті органы бекіткен сондай-ақ Операциялар жүргізудің жалпы шарттары туралы ережемен жүзеге асырады және Ұлттық Банкке беріп отырады.

*ЕСКЕРТУ. 22-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1999.05.21. N 136 қаулысымен .*

*ЕСКЕРТУ. 22-1-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2001.08.06. N 305 қаулысымен .*

*ЕСКЕРТУ. 22-1-тармақ өзгертілді- ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 1 тамыздағы N 280 қаулысымен .*

23. Лицензия беру туралы өтінішті Ұлттық Банк оны қабылдап алғаннан күннен бастап бір ай ішінде барлық қажетті құжаттарымен қоса қарауы керек.

24. Ұлттық Банктің аумақтық филиалы үй-жайдың техникалық дайындығы туралы акт түрінде ресімдеген кредиттік серіктестік құрылтайшыларының ұйымдастыру-техникалық іс-шараларды орындауы жөніндегі мәліметтер лицензия беру туралы өтінішке қоса берілуі керек.

Кредиттік серіктестіктің үй-жайының техникалық даярлығын Ұлттық Банктің аумақтық филиалы кредиттік серіктестіктің жазбаша өтініші негізінде тексереді.

< \* >

*ЕСКЕРТУ. 24-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2000.07.20. N 302 қаулысымен .*

*ЕСКЕРТУ. 24-тармақ толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 1 тамыздағы N 280 қаулысымен .*

24-1. Кредиттік серіктестік лицензияны жоғалтқан жағдайда дубликат алуға



құқылы. Ұлттық Банк кредиттік серіктестіктің жазбаша өтініші бойынша он күнтізбелік күннің ішінде лицензияның дубликатын береді. Мұндай жағдайда кредиттік серіктестік лицензиялық алым төлейді.

Ұлттық Банк кредиттік серіктестіктің лицензиясын оның жазбаша өтінішінің және лицензияны қайта ресімдеуге лицензиялық алымның төленгендігін растайтын құжаттың негізінде оларды алған кезден бастап он жұмыс күні ішінде қ а й т а р е с і м д е й д і .

Лицензияны қайта ресімдеуді бұрын берілген лицензияны Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген негіздер бойынша ауыстыру деп т ү с і н у к е р е к . < \* >

*ЕСКЕРТУ. 24-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 1 тамыздағы N 280 қаулысымен .*

25. Осы Ереженің 22-тармағында белгіленген талаптардың кез-келгені сақталмаған жағдайда лицензия беруден бас тартылады.

Өтініш берушіге банк операцияларын жүргізуге лицензия беруден бас тартқан жағдайда, бас тарту себебін көрсете отырып, жазбаша түрде дәлелді ж а у а п б е р е д і . < \* >

*ЕСКЕРТУ. 25-тармақ толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1999.05.21. N 136 қаулысымен .*

### **III. Банкті кредиттік серіктестік етіп қайта құру шарттары мен негіздері**

26. Кредиттік серіктестік болып қайта құрылу үшін банк қайта құруды өткізуге рұқсат беру туралы Ұлттық Банкке өтініш жасауға құқылы. Банктің қайта құруды жүргізуге рұқсат беру туралы өтінішін Ұлттық Банк бір айдың і ш і н д е қ а р а у ғ а т и і с . < \* >

Өтінішке Заңның 60-бабының 3-тармағында көрсетілген құжаттардан басқа банктің соңғы есеп беру күніндегі бухгалтерлік балансы қоса берілуі тиіс. <\*>

Банк қайта құрылуға рұқсат алғаннан кейін Ұлттық Банкпен келісілген, бірақ рұқсат берілген күннен бастап алты айдан аспайтын мерзімде өз міндеттемелерін өтеуді қамтамасыз етуге міндетті, бұған құрылатын кредиттік серіктестіктің қатысушы заңды тұлғаларының жарғылық капиталына жарналарының сомасынан аспайтын құрылатын кредиттік серіктестіктің осы қатысушыларының депозиттері бойынша міндеттемелер кірмейді. <\*>

*ЕСКЕРТУ. 26-тармақ өзгертілді және толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1997.12.04. N 408 қаулысымен.*

*ЕСКЕРТУ. 26-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2001.08.06. N 305 қаулысымен .*

*ЕСКЕРТУ. 26-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 1 тамыздағы N 280 қаулысымен .*

27. Банкті кредиттік серіктестік етіп қайта құру қолданылып жүрген заңдылықтарды, оның ішінде Заңында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады. < \* >

Қайта құрылатын банктің құрылтайшылары Ұлттық Банкке кредиттік серіктестік ашуға рұқсат беру туралы өтініш беруге міндетті. Банкті қайта құру жолымен құрылған кредиттік серіктестік ашуға рұқсат беру туралы өтінішке осы Ереженің 13-тармағында көрсетілген құжаттар қоса берілуге тиіс. <\*>

Банктерді қайта құру жолымен құрылған кредиттік серіктестіктерді лицензиялау осы Ереженің талаптарына сәйкес жүргізіледі. <\*>

*ЕСКЕРТУ. 27-тармақ өзгертілді және толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2000.07.20. N 302 қаулысымен .*

*ЕСКЕРТУ. 27-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2001.08.06. N 305 қаулысымен .*

*ЕСКЕРТУ. 27-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 1 тамыздағы N 280 қаулысымен .*

28. Банк ашуға берілген рұқсатты қайтарып алуды және оның кассалық және аударым операцияларынан басқа, банктік және басқа операциялар жүргізуге берілген лицензиясын қайтарып алуды (тиісті негіздемелерді көрсете отырып) кредиттік серіктестіктер ашуға рұқсат берумен бір уақытта жүргізіледі.

Кредиттік серіктестік болып қайта құрылатын банктің касса және аударым операцияларын жүргізу операцияларына берілген лицензиясы кредиттік серіктестік ретінде қайта құрылатын банктің мемлекеттік тіркелген күніне дейін қ о л д а н ы л а д ы .

Кредиттік серіктестік болып қайта құрылатын банктің банктік және басқа операциялар жүргізуге берілген лицензиясы қайтарып алынған кезден бастап, касса және аударым операцияларын қоспағанда, банктік және басқа операцияларды жүзеге асыруға құқығы жоқ.

Қайта құрылған кредиттік серіктестік әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап бес күнтізбелік күн ішінде банктік және басқа операцияларды жүргізуге берілген лицензияны Ұлттық Банкке қайтаруға және лицензия беру туралы Ұлттық Банкке Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мерзімде өтініш жасауға міндетті. <\*>

*ЕСКЕРТУ. 28-бап толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1997.12.04. N 408 қаулысымен .*

*ЕСКЕРТУ. 28-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2000.07.20. N 302 қаулысымен .*

*ЕСКЕРТУ. 28-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2001.08.06. N 305 қаулысымен .*

*ЕСКЕРТУ. 28-тармақ толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 1 тамыздағы N 280 қаулысымен .*

**IV. Қызметінің негізгі бағыттары.  
Кредиттік серіктестіктер мен оның қатысушыларының өкілеттігі**

29. Кредиттік-депозиттік серіктестіктер банк операцияларының мынадай түрлерін жүзеге асыруға құқылы:

1) заңды тұлғалардың депозиттерін қабылдау, банктік есепшоттарын ашу және жүргізу ;

2) касса операциялары: банкноттар мен металл ақшаны қабылдау, қайта санау, ұсақтау, айырбастау, сұрыптау, буу және сақтау;

3) аударым операциялары: ақша аударымы бойынша заңды және жеке тұлғалардың тапсырмаларын орындау;

4) есеп жүргізу операциялары: заңды және жеке тұлғалардың вексельдері мен өзге де борыштық міндеттемелерінің есебін жүргізу (дисконт);

5) заем операциялары: төлем жасалу, мерзімінде қайтарылу шартымен ақшалай кредиттер беру ;

6) заңды тұлғалардың тапсырмасымен олардың банктік есепшоттары бойынша есеп айырысуды жүзеге асыру;

7) сейф операциялары: клиенттердің құжаттамалық нысанда шығарылған бағалы қағаздарын, құжаттары мен құндылықтарын сақтау, оған қоса сейф жәшіктерін, шкафтар мен бөлмелерді жалға беру жөнінде қызмет көрсету; <\*>

8) ломбард операциялары: депозитке салынатын тез өтетін бағалы қағаздар мен жылжымалы мүлікке кепілдікке қысқа мерзімді кредиттер беру;

9) шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру;

10) төлем құжаттарын (вексельден басқасын) инкассоға қабылдау;

11) лизинг қызметін жүзеге асыру. <\*>

Қосымша жауапкершілігі бар серіктестік нысанындағы кредиттік-депозиттік серіктестік өз қатысушыларының қосымша жауапкершілігінің сомасынан аспайтын мөлшерде серіктестіктің қатысушылары болып саналмайтын заңды тұлғалардың депозиттерін қабылдауды, банктік есепшоттарын ашуды және жүргізуді жүзеге асыруға құқылы.

Жауапкершілігі шектеулі серіктестік нысанындағы кредиттік-депозиттік серіктестік кредиттік-депозиттік серіктестіктің қатысушылары болып саналмайтын заңды тұлғалардың жалпы сомасы кредиттік-депозиттік серіктестіктің меншікті капиталының елу процентінен аспауға тиісті депозиттерін қабылдауды, банктік есепшоттарын ашуды және жүргізуді жүзеге асыруға құқылы .

*ЕСКЕРТУ. 29-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық Банкі*

*Басқармасының 2000.07.20. N 302 қаулысымен .*

*ЕСКЕРТУ. 29-тармақ өзгертілді, толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі*

*Басқармасының 2001.08.06. N 305 қаулысымен .*

29-1. Кредиттік серіктестік және ауылдық кредиттік серіктестік 1), 6) және 10)-тармақшаларда көрсетілген операцияларды қоспағанда, Ереженің 29-тармағында көрсетілген банктік операцияларды жүзеге асыруға құқылы. <\*>

*ЕСКЕРТУ. 29-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2000.07.20. N 302 қаулысымен .*

29-2. Жауапкершілігі шектеулі серіктестік және жабық акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған кредиттік серіктестікке және ауылдық кредиттік серіктестікке, олардың қатысушылары мен акционерлеріне қызмет көрсету үшін ғана, осы Ереженің 29-тармағының 3), 4), 5), 8) және 11)-тармақшаларында көрсетілген банктік операцияларды жүзеге асыру құқығы берілуі мүмкін .

Ұлттық Банк ұйымдық-құқықтық нысанына байланысты кредиттік-депозиттік серіктестіктерге және кредиттік серіктестіктерге олардың қызметін реттеу және лицензиялаудың қосымша талаптарын белгілеуге құқылы. <\*>

*ЕСКЕРТУ. 29-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2000.07.20. N 302 қаулысымен .*

30. Кредиттік серіктестіктің қолданылып жүрген банк заңдарында көзделген банктік және басқа операциялары Қазақстан Республикасының Ұлттық валютасы - теңгемен жүргізіледі .

*ЕСКЕРТУ. 30-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1997.12.04. N 408 қаулысымен .*

31. Кредиттік серіктестік Ұлттық банктің келісімімен, банкте немесе екінші деңгейдегі банктерде корреспонденттік шот аша алады.

32. Операцияларды жүргізудің жалпы шарттары туралы Ережені кредиттік серіктестіктің директорлар кеңесі немесе жоғарғы органдары бекітуге тиіс және онда мынадай мәліметтер мен үрдістер болуы керек: <\*>

- 1) берілетін кредиттердің шектеулі сомасы мен мерзімі;
- 2) кредит бойынша сыйақы (мүдде) ставкасының шектеулі мөлшері; <\*>
- 3) кредит бойынша сыйақы (мүдде) төлеу шарттары; <\*>
- 4) банктік операцияларды жүргізудегі ставкалар мен тарифтер;
- 5) кредиттік серіктестік пен оның қатысушыларының құқықтары және міндеттері, олардың жауапкершілігі;
- 6) басқа да қосымша шарттар.

*ЕСКЕРТУ. 32-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1997.12.04 N 408 қаулысымен .*

*ЕСКЕРТУ. 32-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының*

1999.05.21. N 136 қаулысымен .

*ЕСКЕРТУ. 32-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2001.08.06*

N 305 қаулысымен .

33. Кредиттік серіктестіктің ішкі ережесін кредиттік серіктестіктің өкілетті органы бекітуге тиіс және онда:

1) кредиттік комитеттің және басқа құрылымдық бөлімшелердің құрылымы, міндеттері, функциялары және өкілеттігі;

2) құрылымдық бөлімшелер басшыларының құқықтары мен міндеттері;

3) банктің лауазымды адамдары мен қызметкерлерінің серіктестік атынан және оның есебінен жасалатын мәмілені жүзеге асырған кездегі өкілеттігі белгіленуі тиіс. < \* >

*ЕСКЕРТУ. 32-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2001.08.06. N 305 қаулысымен .*

**V. Реттеу және бақылау**

**Кредиттік серіктестіктің қызметін тоқтату тәртібі**

34. Кредиттік серіктестіктердің қаржы тұрақтылығын және қызметінің бірқалыптылығын, олардың депозиторларының мүддесін қорғауды қамтамасыз ету үшін Ұлттық Банк кредиттік серіктестіктерге пруденциалдық нормативтер және басқа да сақталуға міндетті нормалар мен лимиттер белгілеу жолымен кредиттік серіктестіктердің қызметін реттеуді жүзеге асырады.

Кредиттік серіктестіктердің пруденциалдық нормативтер және басқа да сақталуға міндетті нормалары мен лимиттерін есептеудің нормативтік мәні мен әдісі, сондай-ақ қаржылық, реттеуші және бухгалтерлік есеп беру тізбесі, нысандары және мерзімдері, оның ішінде оларды бұзғаны үшін жауапкершілік Ұлттық Банктің жекелеген нормативтік құқықтық актілерінде белгіленеді.

Кредиттік серіктестіктерге активтерді мен шартты міндеттемелерді жіктеу бойынша және олар бойынша провизиялар есептеу талаптары банктер үшін белгіленген тәртіппен қолданылады.

Кредиттік серіктестіктер Ұлттық Банктің сұрауы бойынша оған кез келген ақпаратты, оған қоса өз қаражаты туралы мәліметтерді, оның ішінде Қазақстан Республикасынан тыс жерлердегі өзі жүргізген және жүргізетін операциялар, берілген және алынған кредиттердің көлемі туралы және басқа мәліметтерді беруге міндетті.

*ЕСКЕРТУ. 34-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1997.12.04. N 408 қаулысымен .*

*ЕСКЕРТУ. 34-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1999.05.21. N 136 қаулысымен .*

34-1. Кредиттік-депозиттік серіктестік Ұлттық банк белгілеген нысандар бойынша және мерзімде, Заңның 19-бабының 4-тармағының талаптарына сәйкес

жылдық баланста берілген мәліметтердің дұрыстығын аудиторлық ұйым (аудитор) растағаннан кейін және жылдық баланс пен қаржы шаруашылық қызмет нәтижелері туралы есепті кредиттік-депозиттік серіктестіктің қатысушыларының (акционерлерінің) жалпы жиналысында бекітілгеннен кейін жылдық баланс пен қаржы шаруашылық қызмет нәтижелері туралы есеппен қоса жылдық есепті жариялайды. <\*><\*>

*ЕСКЕРТУ. 34-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1999.05.21. N 136 қаулысымен.*

*ЕСКЕРТУ. 34-1-тармақпен өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2000.07.20. N 302 қаулысымен.*

*ЕСКЕРТУ. 34-1-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 1 тамыздағы N 280 қаулысымен.*

35. Кредиттік серіктестіктің қызметін Ұлттық Банк дербес тексереді немесе басқа мекемелерді қатыстыра отырып тексереді.

36. Тексеру жүргізуші адамдар кредиттік серіктестіктің қызметін тексеру барысында алынған және коммерциялық құпияға жататын мәліметтердің жария болмауына жауап береді.

37. Кредиттік серіктестік қолданылып жүрген заңдардың нормаларын, осы Ереженің талаптарын және Ұлттық Банктің басқа да нормативтік құқықтық актілерін бұзған жағдайда оған санкциялар қолданылуы мүмкін. Ұлттық Банк кредиттік серіктестікке санкция ретінде мынадай шараларды қолдануға:

1) Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген негіздемелер бойынша айыппұл салуға және өндіріп алуға;

2) Заңның 48-бабында белгіленген негіздемелер бойынша барлық немесе жекелеген банктік операциялар жүргізуге берілген лицензиялардың қолданылуын тоқтату не қайтарып алу;

3) кредиттік серіктестіктің басшы қызметкерлерін директорлар кеңесінің төрағасынан басқасы (кредиттік серіктестік акционерлік қоғам түрінде құрылған жағдайда) осы мәселені кредиттік серіктестіктің тиісті органы кредиттік серіктестіктің аталған басшы қызметкерінің (қызметкерлерінің) іс-әрекетін қолданылып жүрген заң талаптарына сай келмейді деп тану үшін жеткілікті мәліметтер негізінде қарағанға дейін, лауазымдық міндеттерін орындаудан шеттетуге құқылы. <\*><\*>

*ЕСКЕРТУ. 37-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1997.12.04. N 408 қаулысымен.*

*ЕСКЕРТУ. 37-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1999.05.21. N 136 қаулысымен.*

*ЕСКЕРТУ. 37-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2001.08.06. N 305 қаулысымен.*

*ЕСКЕРТУ. 37-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 1 тамыздағы N 280 қаулысымен .*

38. Барлық немесе жекелеген банк операцияларын жүргізуге берілген лицензияны тоқтату немесе оның қайтарып алу мынадай негіздемелердің кез келгені бойынша жүргізіледі:

1) кредиттік серіктестіктің қызметі барысында осы Ереженің талаптары сақталмаса ;

2) кредиттік серіктестік жүргізетін операциялар бойынша шарт міндеттемелерін үнемі (қатарынан он екі күнтізбелік ай бойы үш немесе одан да көп рет) тиісті түрде орындамаса ;

3) кредиттік серіктестік осы Ережемен белгіленген операциялар жүргізудің жалпы шарттарын айқындау бойынша міндеттемелерді орындамаса ;

4) Ұлттық Банкке есеп пен мәліметтерді бермесе немесе әдейі жалған есеп пен мәліметтер берсе ;

5) Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық актілерін бұзса не оның жазбаша нұсқауларын орындамаса ;

б) кредиттік серіктестік осы Ережеде, кредиттік серіктестіктің жарғысында және лицензиясында белгіленген өзінің құқықтық қабілеттігі шегінен тыс операцияларды жүзеге асырса ;

7) кредиттік серіктестіктің қызметін тоқтату туралы сот шешім қабылдаса.

Ұлттық Банк банк операцияларын жүргізу тәртібінің бұзылу сипатына қарай олардың барлығын не жекелеген түрін жүргізу лицензиясын тоқтатады не қайтарып алады. Лицензияның қайтарып алу кредиттік серіктестікті қайта тіркеуге немесе оның қызметін тоқтатуға негіз болып табылады.<\*>

*ЕСКЕРТУ. 38-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1997.12.04. N 408 қаулысымен .*

*ЕСКЕРТУ. 38-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2001.08.06. N 305 қаулысымен .*

39. Кредиттік серіктестікті ашуға берілген рұқсатты қайтарып алу мынадай негіздемелердің кез келгені бойынша жүргізіледі:

1) заңды тұлғаның кредиттік серіктестік ретінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап бір жыл ішінде рұқсат беруге негіз болған мәліметтердің жалған екендігі анықталса ;

2) заңды тұлға кредиттік серіктестік ретінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап бір жыл бойы лицензия алмаса ;

3) заңды тұлға кредиттік серіктестік ретінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап бір жыл бойы жарияланған жарғы капиталын төлемесе ;

4) кредиттік серіктестік ретінде тіркелген заңды тұлға үшін қолданылып жүрген заңдарда көзделген қызмет шарттарын бұзса ;

5) кредиттік серіктестіктің қайта ұйымдастыру не оны тарату жолымен өзінің қызметін өз еркімен тоқтату туралы шешімі;

Ұлттық Банк Директорлар кеңесінің кредиттік серіктестік ашуға берілген рұқсатты қайтарып алу туралы шешімі заңды тұлғаны қайта тіркеуге немесе оның қызметін тоқтатуға негіз болып табылады.<\*>

*ЕСКЕРТУ. 39-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1997.12.04. N 408 қаулысымен.*

*ЕСКЕРТУ. 39-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2001.08.06. N 305 қаулысымен.*

40. Кредиттік серіктестік:

1) Ұлттық Банктің рұқсаты болса, оның құрылтайшыларының (акционерлерінің) шешімімен (ерікті тарату);

2) Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларды соттың шешімімен (мәжбүрлеп тарату) таратылуы мүмкін.<\*>

*ЕСКЕРТУ. 40-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1997.12.04. N 408 қаулысымен.*

*ЕСКЕРТУ. 40-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2001.08.06. N 305 қаулысымен.*

41. Кредиттік серіктестікті қайта ұйымдастыру немесе тарату Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады. <\*>

*ЕСКЕРТУ. 41-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1997.12.04. N 408 қаулысымен.*

42. Қазақстан Республикасының заңдарында тікелей көзделгеннен басқа жағдайларда кредиттік серіктестіктің қызметіне мемлекеттік органдар мен оның лауазымды адамдарының қандай жолмен болса да араласуына тыйым салынады. < \* >

*ЕСКЕРТУ. 42-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1997.12.04. N 408 қаулысымен.*

43. < \* >

*ЕСКЕРТУ. 43-тармақ алынып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1999.05.21. N 136 қаулысымен.*

## **VI. Қорытынды ережелер**

*ЕСКЕРТУ. VI бөлімнің атауы өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1997.12.04. N 408 қаулысымен.*

44. Кредиттік серіктестіктер немесе мемлекет өзіне мұндай жауапкершілік қабылдаған жағдайларда болмаса, кредиттік серіктестік мемлекеттік міндеттемелер бойынша жауап бермейді, сол сияқты мемлекет те оның міндеттемелеріне жауап бермейді. <\*>



*ЕСКЕРТУ. 44-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1997.12.04. N 408 қаулысымен.*

45. "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 8-бабының 16-баптың 8-тармағы, 17-баптың 4-тармағы 2-тармағының, 18, 22, 40-баптарының 47-баптың 2 тармағының в) , д) және ж) тармақшалары, 62-67-баптар талаптары кредиттік серіктестіктерге қолданылмайды . < \* >

Заңның 42-бабының ережелері кредиттік серіктестіктер қызметіне Ұлттық Банк белгілеген өз капиталының ең аз мөлшері, левераж коэффициенті, бір заемшыға тәуекелдің ең көп мөлшері, өтімділік коэффициенті жөніндегі бөлігінде ғана қолданылады .

*ЕСКЕРТУ. 45-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1997.12.04 . N 408 қаулысымен .*

*ЕСКЕРТУ. 45-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1999.05.21 . N 136 қаулысымен .*

*ЕСКЕРТУ. 45-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2001.08.06 . N 305 қаулысымен .*

*ЕСКЕРТУ. 45-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 1 тамыздағы N 280 қаулысымен .*

46. Осы Ережеде реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңдарымен реттеледі.

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы  
Ұ л т т ы қ                              Б а н к і н і ң

Төрағасы  
N 1 қосымша

Қ    Р    Ұ    Б  
Ф И Р М А Л Ы Қ

РӘМІЗІ  
Кредиттік                              серіктестікке                              банктік  
және басқа                              операцияларды                              теңгемен                              жүргізуге  
берілген лицензия <\*>

*ЕСКЕРТУ. 1-қосымшаның атауы өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1997.12.04. N 408 қаулысымен.*

Номері \_\_\_\_\_  
" \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ жыл  
Мемлекеттік тіркеу номері \_\_\_\_\_

(кредиттік серіктестіктің қазақ тіліндегі толық атауы)

(кредиттік серіктестіктің орыс тіліндегі толық атауы)

Осы лицензия мынадай операциялар жүргізуге құқық береді:

1. \_\_\_\_\_
2. \_\_\_\_\_
3. \_\_\_\_\_

Осы лицензияның шарттарынан туындайтын құқықтарды үшінші адамдарға беруге болмайды.

Осы лицензия бір ғана данамен беріледі.

Төраға орынбасары

№ 2 қосымша

"\_\_" \_\_\_\_\_ 199\_\_ж.

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық Банкінің Төрағасы

№ \_\_\_\_\_

**Кредиттік серіктестікті ашуға берілген рұқсат беру  
ӨТІНІШ**

(өтініш берушінің атауы)

"\_\_" \_\_\_\_\_ 199\_\_ж құрылтай жиналысының № \_\_\_\_\_ шешімі бойынша \_\_\_\_\_

(өткізілетін орны)

\_\_\_\_\_ ашуға рұқсат беруді сұрайды  
(құрылатын кредиттік серіктестіктің атауы, тұрған жері  
к ө р с е т і л е д і )

Жоғарыда көрсетілген кредиттік серіктестікті ашу міндеттері жүктелген уәкілетті адам бекітілді \_\_\_\_\_

( а т ы - ж ө н і )

(жұмыс орны, лауазымы, байланыс телефоны және мекен-жайы)

Құрылтайшылар өтінішпен қоса берілетін құжаттар мен ақпараттардың дұрыстығына, сондай-ақ өтінішті қарауға байланысты сұралған қосымша ақпараттар мен құжаттардың Ұлттық Банкке уақтылы берілуіне жауап береді.

Қосымшалар (жіберілетін құжаттардың атаулық тізімі, даналарының саны және парақтары көрсетілсін).

(директорының) қолы  
N 3 қосымша

-----  
| с у р е т |

АНКЕТА

Басшылық қызметке кандидат \_\_\_\_\_

(кредиттік серіктестіктің атауы)

Кандидаттың өмірбаяны

1. Аты-жөні \_\_\_\_\_

2. Мекен-жайы (толық, почта индексі көрсетілген) \_\_\_\_\_

3. Туған жылы \_\_\_\_\_

4. Туған жері \_\_\_\_\_

5. Азаматтығы \_\_\_\_\_

6. Жеке басын куәландыратын құжаттың деректері \_\_\_\_\_

7. Телефон номері (үйдің, жұмыстың кодын көрсету керек) \_\_\_\_\_

8. Жақын туыстары (әкесі, шешесі, балалары, бауырлары,  
апа-қарындастары, зайыбы (жұбайы) асырауындағылар:

Аты-жөні Жасы Туыстық жақындығы

9. Қазіргі кезеңде қолданылып жүрген фамилиялардың өзгеру  
себебін негіздей отырып, бұрын қолданылған фамилиялардың бәрін  
қосыңыз.

Аты-жөні

Қолдану кезеңі

Қолдану (өзгеру)

с е б е б і

---

---

---

---

---

Білімі және жұмыс тәжірибесі

1. Білімі туралы деректер (мамандығын көтеру курсы қоса)\*.

Оқу орнының атауы	Бітірген жылы	Мамандығы	Диплом, сертификат	Оқу орнының мекен-жайы

*Ескерту:* <\*> Дипломдар мен сертификаттардың нотариуспен расталған көшірмелерін қосу қажет.

2. Жұмыс орнындағы және ғылыми қызметі туралы қосымша мәліметтер

---

---

---

---

3. Шет тілін білуі \_\_\_\_\_

(кандидаттың қандай тілдерді білетіні көрсетілсін)

4. Еңбек жолы басталғалы бері орындалған жұмыстар\*

*Ескерту:* <\*> Қосымша парақта көрсетілсін.

5. Бұрынғы қызметтері /мекеменің атауы, жұмыс сипаты, осы қызметке тағайындалған күні/ \_\_\_\_\_

---

---

---

---

---

6. Үштен кем емес ұсынушылардың аты-жөні, олардың жұмыс орны, қызметі, байланыс телефоны /жұм., үй./ мекен-жайы \_\_\_\_\_

**Ескерту:** Ұсынысты осы анкетаның 3"в" қосымшасында көрсетілген сұрақтар тізімімен тіркеу керек.

7. Өзіңіздің біліктілігіңізді анықтауда маңызды деп санайтын кез-келген басқа ақпаратты беріңіз. \_\_\_\_\_

8. Басқару органының кандидатты ұсынған заңды тұлғамен қарым-қатынасында қаржылық мүдделілігі бар ма \_\_\_\_\_

№ 3 "а" қосымша

**Кандидат туралы қосымша мәліметтер**

1. Соңғы тұрған орны.

Соңғы бес жыл ішінде тұрған жерлеріңіздің бәрін кері хронологиялық тәртіппен көрсетіңіз. Тұрған уақытыңызды көрсетіңіз.

Қаласы \_\_\_\_\_

Облысы \_\_\_\_\_

Көшесі \_\_\_\_\_

Үй № \_\_\_\_\_

Почта индексі \_\_\_\_\_ (ай, жыл)

2. Сіздің ірі акционер (барлық акциялардың 5% немесе одан да көп процентін тікелей немесе жанама иеленуші немесе бақылаушы) ретінде қатысыңыз бар немесе қатысыңыз болған заңды тұлғаларды, оның ішінде қаржы ұйымын көрсетіңіз.

Осы заңды тұлғаның атауы және тұрған жері \_\_\_\_\_

Қызмет түрі (қызмет түрлерін атаңыз) \_\_\_\_\_

Осы заңды тұлғаның Жарғылық қордағы үлесі \_\_\_\_\_

3. Кредитордың атауы (аты-жөнін) және мекен-жайын, кредит (заем) берген күнін және алғашқы сомасын, онда көрсетілген төлеу мерзімін, ағымдағы міндеттеменің сомасын көрсетіңіз. Кредитордың атауы (аты-жөні) және мекен-жайы \_\_\_\_\_

Кредит (заем) берілген күні және алғашқы сомасы \_\_\_\_\_

Кредит (заем) төлеу мерзімі \_\_\_\_\_

Ағымдағы қарыз жиынтығы \_\_\_\_\_

Кандидаттың қолы \_\_\_\_\_

3 "б" қосымша

### Анкетада келтірілген мәліметтерді растау

Осы құпия өмірбаяндық және қаржылық есептердегі ақпараттарды растаймын, олар мұқият тексерілген, нақты және толық, ал өзім берген материалдарда бұрмалаулармен олқылықтар байқалған жағдайда, мұның өзі ұсынылған қызметке бекітуден бас тартуға негіз болатынын және бұдан былайғы жерде маған Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес санкциялар қолдануға тура келетінін \_\_\_\_\_ м о й ы н д а й м ы н .

Менің жеке өмірбаянымдағы және қаржылық жағдайындағы барлық елеулі өзгерістер жайында Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне хабарлап тұруға міндеттенемін,

\_\_\_\_\_ (қолы)

\_\_\_\_\_ (қол қойған күні)

\_\_\_\_\_ (аты-жөні баспа әріптерімен

жазылуы керек)

№ 3 "в" қосымша

### Ұсыным

\_\_\_\_\_ қызметіне кандидатқа  
(кредиттік серіктестіктің атауы)

Ұсынылушы адамның аты-жөні \_\_\_\_\_

Ұйымның атауы және тұрған жері \_\_\_\_\_

Байланыс телефоны (жұм., үй.) \_\_\_\_\_

Е с к е р т п е .

Ұлттық банк сізден ұсынымда осы кандидатқа деген көзқарасыңызды, оның беделін, іскерлігін, кәсіби жарамдылығын, қайда және қашан бірге жұмыс істегеніңізді және бізге пайдалы болуы мүмкін басқа да мәліметтерді көрсетуіңізді сұрайды.

Е с к е р т у .

Кредиттік серіктестіктің басшылық қызметіне ұсынушы адам онымен туыстық қатынастарда немесе осы ұсынысқа қандай да бір қатысы болуға тиіс емес.

Ұсынушы адамның қолы \_\_\_\_\_ күні \_\_\_\_\_

№ 4 қосымша

**Құрылтайшы (қатысушы) туралы мәліметтер**  
(заңды тұлға)

(кредиттік серіктестіктің атауы)

" \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ 199\_\_ ж

1. Құрылтайшы \_\_\_\_\_

( заңды атауы )

2. Басқарманың тұрған жері \_\_\_\_\_

(почталық мекен-жайы, байланыс телефоны)

3. Мемлекеттік тіркеу

(құжаттың түрі, номері, күні, кім берге)

4. Қызметінің негізгі түрлері \_\_\_\_\_

5. Қазақстан Республикасының резиденті, резидент емес  
(керегінің астын сызыңыз)

6. Қазақстан Республикасының резиденті - кредиттік серіктестіктің Жарғылық қорына - резидент емес құрылтайшының қатысуына рұқсат беру

(құжаттың түрін, №, күнін көрсету керек, осы құжатты қоса

тіркеу керек)

7. Заңды тұлға - құрылтайшының жетекшісі.

а) қызметі, аты-жөні, күні, туған жылы \_\_\_\_\_

б) білімі \_\_\_\_\_

(оқу орнын, бітірген жылын, мамандығын көрсету керек)

в) еңбек жолы туралы қысқаша түсінік \_\_\_\_\_

(орны, қызметі, жұмыс уақыты)

8. Құрылтайшы жарнасы:

Жарна сомасы		Қосымша мәліметтер
хабарланғаны	нақты түскені	

9. Соңғы үш жыл кезеңінде құрылтайшы - заңды тұлғада ірі қаржылық проблемалар, оның ішінде банкроттық, тоқтату, санация

- олардың пайда болу себептері \_\_\_\_\_

- осы проблемаларды шешудің қорытындылары \_\_\_\_\_

10. Акционер ретінде қатысы бар заңды тұлғаны (барлық акциялардың он немесе одан көп процентін тікелей немесе жанама иеленушіні немесе бақылаушыны) көрсетіңіз \_\_\_\_\_

- заңды тұлғаның атауы және орналасқан жері \_\_\_\_\_

- қызметінің түрі (қызметінің түрлерін атаңыз) \_\_\_\_\_

- осы заңды тұлғаның Жарғылық қордағы үлесі \_\_\_\_\_

Бірінші басшының қолы \_\_\_\_\_



№ 5 қосымша

**Құрылтайшы (қатысушы) туралы мәліметтер**  
(жеке тұлға)

(кредиттік серіктестіктің атауы)

" \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ 199\_\_ ж

1. Құрылтайшы \_\_\_\_\_

а т ы - ж ө н і

2. Туған жылы \_\_\_\_\_

3. Туған жері \_\_\_\_\_

4. Азаматтығы \_\_\_\_\_

5. Жеке басын куәландыратын құжаттың деректері \_\_\_\_\_

6 . Т ұ р ғ а н ж е р і

7. Жұмыс орны, қызметі \_\_\_\_\_

8. Білімі \_\_\_\_\_

(оқу орнын, бітірген жылын, мамандығын көрсету керек)

9. Еңбек жолы туралы қысқаша түсінік \_\_\_\_\_

(орны, қызметі, жұмыс уақыты)

10. Құрылтайшы жарнасы:

Жарна сомасы		Қосымша мәліметтер
хабарланғаны	нақты түскені	

11. Салық инспекциясы берген декларацияда көрсетілген табыс мөлшері туралы анықтама қағазы қоса беріледі.

Құрылтайшының қолы \_\_\_\_\_

